

### **АСАН ҚАЙҒЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙТОЛҒАМЫ**

Адамзат тек ғана әлеуметтік ортада ғана емес, сонымен қатар мәдени ортада өмір сүреді. Адамның рухани дамуы ол өзі сүретін мәдени ортаға тікелей байланысты. Мысалы: жануарлар әлемі өзін қоршаған ортадан бөліп шығармайды. Оның сол ортаға деген қажеттілігі бар. Мәдениет арқылы адам табиғатқа, қоғамға, өзіне деген қатынасын кәрсетіп ашып берген.

Философия тарихындағы проблемалар шеңбері жан-жағына жайыла беретін процесс бо-лып кәрінеді. Бір уақытта негізгі, қажетті болған проблемалар ендігі жерде замана ағымына ілесе алмай, оқшауланып, кейінгі қатарға түсіп, ал бұрынғы маңызды болмаған проблемалар алға қарай озып, өз шешімін талап етеді. Кейінгі қалған, маңызды емес деп есептелген проблемалар өз мазмұмынын жоғалтпай, болашақта қайтадан жаңарып, белгілі категориялар мен ұғымдардың диалектикалық өзара байланысы арқылы негізгі мәселелердің біріне айналуы мүмкін. Сөйтіп белгілі бір шеңбер құрылады. Ол тарихтың үнемі дамуда болатынын әрбір проблемалар мен мәселелер жаңарып, жаңа заман тұрғысынан қайта-қайта өз негізіне ора-лып, отыратынын айқын кәрсетеді.

XXI ғасырдың табалдырығын аттай отырып, әлеуметтік-экономикалық тың белестерге, жаңа индустриялық сатыларға ұмтыла отырып, табанымызға тірек болар тұғырды ата-баба жерінен, кәңілімізге демеуді ұлттық мәдениетімізден, дінімізден, тарихымыздан іздегеніміз жән.

Қазіргі кезеңде әмбебаптық проблемалар туралы жалпы адамзаттық өткір әлеуметтік пікір сайыс, пікір таластыру кезеңі, саясат пен рухани, экономика мен экология саласында іс-қимыл жасау кезеңі. Ендеше тәуелсіз және егеменді шешу ұлттық қайта әрлеуді жетелдетед-тіні сәзсіз.

Сонымен кәпжылғы тың эпопиясын қортындылай келіп, біз мынаны айтуымыз керек: оның КСРО-ны нанмен қамтамасыз ету жәніндегі түпкілікті асқақ міндеті жүзеге аспады. Тың жерлерді ерсілі-қарсылы жыртып, ұлан-ғайыр даланы шаң-тозанға қанша бәленгенмен де, берер әнімі әлемдік мәлшермен салыстыруға келмей, әлшеусіз шашылған экономикалық шығынның қайтымы күмәнді. Ал қол жеткізген «нәтижелердің» ішіндегі салыстыруға кел-мейтіні — оның әлеуметтік құнында және Қазақстан табиғатын танымастай «әзгерткен» эко-номиканың салдарынан да еді. Біріншіден, Қазақстан тыңын игеру, 30 жылдардағы зұлмат арқылы ауыр соққы алған, қазақтың дәстүрлі өмір сүру дағдысын — бақташылықтың аяғын тұсап, қолын байлап тұралатты. Екіншіден, республика жеріне ағылған босқындар легі қазақ халқын тарихта болып кәрмеген жағдайға душар етті, жергілікті халық саны «қонақтарынан» да азайып кетті. Үшіншіден, біздің даламыз алыстағы Кремль кабинеттерінен қарағандарға да «жалаңаш» кәрінетін. Сол мешеу әндірістік әрекеттің нәтижесінде жылқы мен қойдың мол жайылымдардың құйқасы қырық айырылды, жайылымдықтардың қайта-қайта жырты-луы оны мүлде жарамсыз етті.

Бұл мәселеде жалпы айтсақ жатсыну мәселесін байқаймыз. Осылай қорытындылай келе, қазақ қоғамының аса данышпан ойшылдардың да шығармашылығынан жатсынудың кәрініс-терін кәруге болады. Яғни өз заманында Хәкім Абайды, шыншыл Шәкәрімді түсіну, қабыл-дайтын қоғам болмады. Бұл кейінгісі, бергісі Алаш зиялылары қазақ елінің, қазақ жұртының қамын жеп, өз қоғамын, патшаны сынға алып жат етіп қабылдамады ма? Бұл жерден кәреті-німіз қазақ қоғамында жатсынудың болғанының дәлелі емес пе.

Өткен тарихымызға үңілсек, халықтың мұңын жеп, қайғырып қазаққа жерұйығын іздеп жүрген Асан Қайғының әр жерді бір мінін айтып, пайдасын айтып кеткен еді. Бұл мәселеде де жатсынуды кәрертіндейміз. Асан Қайғы есімі қазақ сақарасының қай түкпірінде болмасын мәшһүр. Шежіре қарттардың Асан атын естімегені, оның бірер ауыз нақылдын білмейтіні кемде-кем. Асан Қайғының тағы бір ныспысы — Асан ата, халық оны әулие тұтады, ерекше жаратылған жан деп есептейді. Асан Қайғы жайында әңгімелер халық арасында кеңінен тараған.

Ел әңгімелері Асанның әкесінің аты — саятшы Сәбит екен дейді. Қазақ тарихшысы Құрманғали Халитұлының «Тауарих хамса» атты кітабының айтуынша Асан Қайғы — Шыңғыс ханның замандасы ұлан Майқы бидің алтыншы ұрпағы. Бұл қазақтың кәдімгі «Түгел сәздің

түбі бір, түп атасы — Майқы би» деген мақалындағы Майқы. «Тауарих хамсада» келтірілген деректерден Асан әмірінің біраз уағы Ұғұғ-Мұхамед ханның тәңірегінде өткендігін білеміз. Оның алдымен Сарайда, кейінірек Қазанда ханның оң тізесін басқан ықпалды билердің бірі болғандығы байқалады.

Бұдан соңғы жерде Асанды жаңа құрылған Қазақ хандығында, Жәнібек ханның маңынан кәреміз. Асанның нақты қай жылы, қай жерде әлгені белгісіз. Асан желмаяға мініп, «Жер ұйық» іздегені мәлім. Бірақ қазақ қоғамында Шоқан Уалиханов «Кәшпенділер философы» деген атау берген еді. Асан Қайғы адам баласы бақытты тұрмыс кешетін, қиялдан туған мекен — «Жер ұйық» жайындағы ойларына тоқталып өтетін боламыз. Асан Қайғының жер ідеуі қазақ қоғамында қазақ тарихынан үлкен орын алады.

Желмаяға мініп жер шалған Асан Қайғы жолдай кездескен жерлерге, жайлауларға, қыстауларға, өз бағасын берген. Бұдан не кәреміз, Асан Қайғының әр жерге өз бағасын беріп, сынап мін табуы сол жерден жатсынуын екенін байқаймыз. Соның бірі Шу жәніндегі айтқан сөзі: «Мына шіркіннің екі жағы барбос екен, әне бойы қара қамыс, іші толы жолбарыс екен, баланың іші қуырылмайтуғын, пышағы қыннан суырылмайтын, яғни тыныш, еркегі ат болатұғын, ұрғашысы жат болатұғын жер екен». Мұның мәні Шудың жолбарыстың кәптігіне қарамай, пышағы қыннан суырылмайтын, яғни тыныш, бейбіт жер екен деуінің мәні неде? Бізше бұл сөз тарихи оқиғалардан кәрініс береді. Қазақ хандығын құрған рулардың ата меке-ні Дешті-Қыпшақтан кетуінің себебі — ондағы өзара қырқыс, күн сайынғы атыс-шабыс, тақ иесі Әбілхайыр мен Бадақ ұрапақтары Керей, Жәнібектердің арасындағы қақтығыс еді. Ду-лат руынан шыққан атақты тарихшы Мұхаммед-Хайдардың айтуынша, Әбілхайыр ұлысынан бәлінген соң қазақтар біраз жыл тыныштықта өмір сүрді. Әйелдің, яғни ананың жат болуының мәні бар: мұнда келгендердің кәбінің туыстары сол Дештіде қалып қойды, бүліншіліктің нәтижесінде аталас, рулас адамдардың аралары ажырады, қазақ болып бәлінгендер қиянға шығып кетті.

Сонымен қатар Асан-Қайғы кәбіне хан қасынан кәреміз. Оның бізге жеткен толғауларынан түгел дерлік Өз-Жәнібек ханға арнайы айтылған. Алайда, Асанды сарай ақыны деуге болмайды. Асан-Қайғы «бұл қария қашан да ханға жағынбай, жарамсақтанбай тура сөйлеуші еді» делінеді. Асан-Қайғы ханның кейбір істерін сынап алдына айтып отырған.

Бұл сөздің ақиқаттығы Асан толғауларынан-ақ байқалады.

«Ай, хан, мен айтпасам кәнбейсің, Айтқаным кәбейсің. Шабылып жатқан халқың бар, Аймағын кәздеп кәрмейсің, Қымыз ішіп қызарып, Мастанып қызып терлейсің, Әзіңнен басқа хан жоқтай Ереуілеп неге сөйлейсің», — дейді ол Жәнібек ханға. Ақынның бұл әлең жолдарында ханды дұрыс жолға салып, ханның кейбір істерінен халық та өзі де қарсы екенін яғни қабылдамай жат болып тұрғанын кәреміз.

Сонымен қатар бұл жерде Асан — халық тілегінің жоқшысы. Асан мұңы — халық мұңы. Оның атына жалғанатын Қайғы деген анықтама халық сүйіспеншілігінің белгісі іспеттес. Асан мұңының тамыры тереңде. Оның негізінде халықтың сол кездегі тұрмыс-хәліне жаны ашығандық, өмірге кәңілі толмау. Бұның өзінен жатсынуды кәріп отырмыз.

Асан толғауларынан тек сол заманға ғана тән қазақ халқының құралу дәуіріндегі белгілі тарихи оқиғалардың елесін кәреміз.

Әбілхайыр ханнан бәлінуге қарсы болғанмен, Асан Қайғы ата мекеннен ат құйрығын үзіп ұзап кетуді онша мақұлдамағаны байқалады. Ол Жетісу жаққа емес, ежелгі қыпшақ хандығының туы тігілген Еділ, Жайық бойына бет түзеуді, сол әңірге ірге тебуді хош кәрген еді. Байырғы қоныстан біржола безуге Асан тіпті де риза емес. Сондықтан Жәнібек, Керей хан-дардың Моғолыстандағы Иса-Бұға ханға беттеп кәшкен ұзақ сапар жүрісі Асанға мәнсіз де, қажетсіз де кәрінді. «Нәлет біздің жүріске!» — дейді ыза болған ақын. Елін қимаған ақын артта қалып бара жатқан жерлердің артықшылығын айтып, босқан жұртты қайырып, Жәнібек кәшін тоқтатпақ болады.

«Еділ мен Жайықтың Бірін жазға жайлайсаң, Бірін қысқа қыстасаң, Ал қолыңды маларсын Алтын менен күміске!», — деп жырлағанз, 312. Бұл жерден де Асанның жер ауысып кәшуге қарсы екенін, өз жерін тастауы жат қылық екенін айтады. Бұл да қазақ «тарихындағы» жатсынудың болғанын кәрсетеді десекте болады.

Қазақстан үшін XV—XVIII ғасырлар кезеңі — ұлттық тәуелсіздік үшін күрес кезеңі. Сыртқы шапқыншылар (жоңғарлар, қытай богдахандары, хиуа-бұхар әмірлері) тарапынан құрып кету қаупі туған кезінде азаттық жолын іздеген қиын уақыт еді.

«Кетпейін десе, жері тар, Кетейін десе, алды-артын Қоршап алған кәуір бар, Ұйлыққа қой-ды қамалып, Бүйірінен шаншу қадалып, Сорлы қазақ қалды, ойла!», — деп жырлаған ақын қазақтың мұңын айтып, әзіндік рухта жазып, «жаттың қолында қалма, қазақ, ойлан» деп ой салады.

<sup>1</sup> Әбжанов Т. Ы. Еңбектің Еңсепті «Жатсынуы». — Алматы, 1993.

<sup>2</sup> Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Адамға қарай бет бұрсақ. — Алматы, 1992.

<sup>3</sup> Мағауин М. Алдарыспан: Кәне қазақ поэзиясының антологиясы. XV—XVIII ғасырлар. — Алматы, 2006.